



# Балауса



*Ақсу қаласы дарынды балаларға арналған  
мамандандырылған гимназиясы  
№3,4 2013 ж*

**Радио-ақпарат орталығының мүшелері:**

**1. Редактордың орынбасары:  
Әмина Исаева**

**2. Көркемдеуші редакторы:  
Аскар Хайргельдинов**

**3. «Гимназия тынысы»  
айдарының тілшісі:  
Успанова Айгерім**

**4. «Спорт жаңалықтары»  
айдарының тілшісі:  
Азамат Жолдас**

**5. «Гимназия спорт жаңалық  
тары» айдарының тілшісі:  
Амиргалиева Мадина**

**6. «Жас қалам»  
айдарының тілшісі:  
Асылбек Канапьянов**

**8 наурыз**



**Құрметті асыл жандар  
сіздерді шын жүрекпен өткен  
8 – наурыз  
мерекесімен құттықтаймыз!  
Келе жатқан Наурыз мейрамы  
жұмыстарыңызға табыс, ойыңызға  
жан саулық пен бақыт әкелсің.**



**Ақсу қаласы**

**2013**

# Мазмұны



Таң қалма, Мұқағали заңғарға.....3



Өр Ертістің ерке қызы.....3



Музей – тарих таңбасы.....4



Болашақ деп аталатын адамға.....5

Толағай табыс.....5

Үздік педагог.....6

Ұстаз жолы.....7

Бастауыш сыныптар ӘБ он күндігі..... 9

Сүйінші.....11

Қосымша



**Қарасаз, қара шалғын өлеңде өстім,  
Жыр жазсам, жұртым, елеңдестім.  
Өлсе өлер, Мұқағали Мақатаев,  
Өлтіре алмас, алайда өлеңді ешкім,**–деп өмірі тұтастай өлеңмен өрілген Қазак

поэзиясының Хантәңіріне айналған ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың туған күні қарсаңында қара шаңырағымыз Гимназияда мектепішілік дәстүрлі Мұқағали оқулары апталығы өтті. Осы орайда 3 ақпанда мектеп кітапханасында мәнерлеп оқу байқауы өткізіліп, байқауға 21 оқушы өтініш білдірсе, 5 ақпан күні ақынның сөзіне жазылған әндерді орындау байқауы өткізілді. Байқаудың мақсаты қазақ поэзиясының мұзбалағы атанған ақынның шығармашылығымен таныстыру, поэзия құдіретін таныту, ақынның өлең сөзіне жазылған әуендерді орындау арқылы оның шығармашылығының өміршеңдігін мойындату, кеңінен насихаттау. Ақын өлеңдері арқылы халқына, тілге, Отанға деген сезімдерін, жалпы музыкаға деген сүйіспеншіліктерін ояту.

9 ақпан күні аталмыш шара **«Таң қалма, Мұқағали заңғарға»** атты қорытынды кешпен жалғасын тауып, мәнерлеп оқу, ән байқауының жеңімпаздары марапатталды. Шынында Мұқағали Мақатаевтың лирикалық поэзиясы – заманымыздың кешегі де, бүгінгі де талаптарымен үндесе, күбірлесе, ымдаса,



жымдаса алған өршіл де дауылды жыр үлгісі. Өзі бұ дүниеден 45 жасында қайтқанымен, екінші ғұмырын қоса есептегенде биыл сексеннің сеңгіріне шығып отырған алып ақын шын мәніндегі қазақ поэзиясының құбылысы. Оның сырлы да мұңлы, нұрлы, өршіл жырларынан қуат алып, сусындамаған қазақ баласы кемде-кем. Иә, ақиық ақынның сексен екі жылдығын жұрт болып жоғары деңгейді тойлау – бүкіл қазақтың азаматтығына сын!

Балауса тілшілері

### **Өмірі өлеңімен өрілген Өр Ертістің ерке қызы**

2013 жылдың 6 ақпаны күні облыстық Бұқар жырау атындағы әдебиет және өнер музейі директоры Р.Е.Игібаева бастаған қызметкерлер бабаларымыздың өткен жолдары мен шығармашылықтарына тоқталып, мектеп оқушыларын білім нәрімен сусындандырып, Отансүйгіштікке, елжандылыққа деген сезімдерін оятып, таусылмас кәусар бұлақтың көзін ашты. Сол секілді танымал ақынымыз Ш.Байғалымен өткен «Өр Ертістің еркесі» атты әдеби –поэзиялық кеш әрбір оқушының бойына өзінің әдебиетіне, мәдениетіне, өнеріне деген сүйіспеншілікті арттырып, ақындықтың бастауын ашты.

*Шолпан Байғалы 1948 жылы 20 тамызда Павлодар облысы Ақтоғай ауданы (бұрынғы Краснокутск)*



*Жаңатап ауылында туған. Бала кезін Кашыр ауданы Қызылтаң ауылында өткізген. Әкесі Жақыпұлы Байғалы домбырашы, әнші әрі аңшы, білезік соғатын ұста болған. Кезінде Қарқаралы, Ерейментау, Баянауыл, Ертіс өңірін аралап, атақты айтыс ақыны Құдайберген Әлсейітовпен бірге жүрген. Өзінің де суырып салмалық ақындық қасиеті болған.*

*Ш.Байғалы Қызылтаң ауылында сегізжылдық мектепті бітіріп, Чернорецкі №2 қазақ-орыс мектебінде оқып, камелеттік аттестат алған. Еңбек жолын Қызылтаң мектебінде аға пионер вожатыйлықтан бастаған. Мектеп жасынан газет - журналдарға өлеңдері, мақалалары басылды. Тұңғыш өлеңдері облыстық «Қызыл ту» газетінде және «Қазақстан әйелдері» журналында, «Қазақстан пионері» газетінде, «Лениншіл жас», «Социалистік Қазақстан» газеттерінде жарық көрген. 1974 жылы С.М.Киров атындағы мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген. Радиохабарлары және телеарна хабарларын тарату жөніндегі облыстық комитетінде қазақ редакциясының редакторы, облыстық «Қызыл ту» газетінде тілші, бөлім меңгерушісі болып қызмет істеді. «Қызыл ту» газетінде «Ардақ» атты қыз - келіншектерге арналған бет жасады. Облыстық мұсылман әйелдер қоғамын құруға белсене ат салысып, «Ақ жаулық» газетін өзі шығарып, оның редакторы болды. Шолпан Байғалы – айтыскер ақын. 80-ші жылдары елімізде қазақтың ежелгі өнері ақындар айтысын жандандыру ісі қолға алынды. Жер - жерлерде суырып салма ақындар арасында айтыс ұйымдастырылды. 1985 - 1995 жылдар аралығында облыстық айтыстарға қатысып, бірнеше дүркін жүлделі орындарға ие болды. Тоқсаныншы жылдары Алматыда өткен республикалық Наурыз айтысы мен Қызылжарда өткен Мағжан Жұмабаевтың, Көкшетауда өткен Ақан Сері Қорамсаұлының, Шымкентте өткен Қажымұқан Мұңайтпасовтың республикалық айтыстарына қатысқан. Кеңдігін де, елдігін де, кемеңгерлігі мен көсемдігін де, даналығы мен дала көңілін де сөзге сыйғызған бабалардың бай мұрасын насихаттау барысында атқарып жатқан игі істеріне гимназия оқушылары мен ұжымының алғысы шексіз.*



Исаева Әмина



## **Музей – тарих таңбасы, елдігімізді танытатын киелі орда.**

Бұқар жырау атындағы облыстық әдебиет және өнер музейінің негізі 1990 жылдың 1 ақпанында қаланып, 1992 жылғы 22 наурызда салтанатты түрде ашылды.

Музей экспозициясы 7 (жеті) залда орналасқан: халық ауыз әдебиеті залы, көне түркі жазбалар ескерткіші залы, Бұқар жырау залы, XX ғасыр басындағы әдебиет, әдебиеттер достастығы залы, қазіргі заман әдебиеті залы, өнер залы.

Қазіргікездемузейде 47 мыңнастам экспонат бар. Оныңішінде 13 071 жуығытүпнұсқа.



Жылсайынмузейді 32 мыңкелушітамашаласа, 110 астамбұқаралықіс-шара, 260 тақырыптықдәріс, 320 музейгешолудәрісі мен 100 көрмеөткізіледі. Мектепоқушылары мен студенттерге Павлодар өңірінің ақын жазушылары шығармашылығына арналған мектеп бағдарламасымен сәйкестендірілген 50 астам тақырыптық дәрістер жүргізіледі.

Музей қорынакөптегенбағалыжәдігерлержинақталған.

МәшһүрЖүсіпКөпеев, ЖүсіпбекАймауытов, ИсаБайзақов, Всеволод Иванов, Антон Сорокин, ҚошкеКемеңгеров, ҚадырТайшықов,

ДиханӘбілев, СұлтанмахмұтТорайғыров, Зейін Шашкин, ҚалижанБекхожин, ӘлкейМарғұлан, Рамазан Тоқтаров, АманжолШәмкенов, Қалмұқан Исабаев, МүбәракЖаманбалинов, СәбитДөнентаевт.б. ақын-жазушылардың, ЖаяуМұса, ЕстайБеркімбаев, Майра Шамсутдинова, ЖұматШанин, Қамар Қасымов, Шәкен Айманов, КәукенКенжетаев, ҚуатӘбусейітов, СуатӘбусейітов, ҚалиБайжановт.б. өнермайталмандарыныңжекезаттары, жәдігерлері мен қолжазбалары, өздеріжасағанзаттарымузейдіңбағажетпесқұндықазыналарыболыптабылады. Экспонаты мол әріәсерлібұрыштардыңбірі Всеволод Ивановтыңкабинеті.

Мұндажазушыныңжекезаттары, кітап шкафы, жазуүстелі, орындығы мен бес үзбеліқоршау-шымылдығыт.б. бар.

ШәкенАймановтыңапатқаушырағандаүстіндеболған тоны,

ИсаБайзақовтыңауруханадажатқандаұстағаншәйнегі,

ЖүсіпбекАймауытовтыңөзқолыменжасағанқағазкесетінағашпышағыт.б. заттары,

ҚамарҚасымовтыңНұтфоллаШәкеновкежасапбергендомбырасы,

белгіліаспапкерТокбайЖұмағұловтыңбалалайқасымузейгекелушілердіңкөзінеыстықкөрінетін, жүреккеерекшеәсерететінмейліншеқұндыжәдігерлер.

Өзэкспонаттарынегізінде музей БаянауылауданындаЖұматШаниннің, СұлтанмахмұтТорайғыровтың, ЖаяуМұсаБайжановтың, МәшһүрЖүсіпКөпеевтіңмұражайларын,

АқтоғайауданындаЕстайБеркімбаевтің,

ШарбақтыауданындаМұзафарӘлімбаевтың,

ЕртісауданындаИсаБайзақовтыңмұражайларынашты. Музей қызметкерлерініңкүшімен М.Ж. Көпееватындағыорталықмешіт пен қаланың орта мектептерінде (№ 7, 4, 41, 42 ОМ) ислам дінітарихымұражайыашылды.

Жерлесақын-жазушылардың,

композиторлар

мен

мәдениетқайраткерлерініңшығармашылығынтанытужәненасихаттаумақсатындамузейдекездесу,

шығармашылықжәнедемалыскештері,

өлеңоқушылар

мен

энорындаушылардыңоблыстықжәнереспубликалықдеңгейдегібайқауларыөткізіліптұрады.

Атапайтқанда, қалалық «Махаббатжыры» поэтикалықжәнепрозалықшеберлікбайқауы, ЕстайЕрботиндіескеалуғаарналғанқалалықбайқауынөткізудәстүргеайналған.

Музейдің орналасқан үйі ескі сәулет бойынша 1897 жылы салынған, айшықты оюлармен көмкерілген мейлінше көрікті ағаш үй. Ресми делегациялар, қала мен облыс қонақтары музейге жиі келеді. Франция, Индия, Венгрия, Польша мемлекеттерінің елшілері, Жапония елшілігінің атташесі, Австрия, АҚШ, Қытай, Германия мен Польша елдерінен келген бизнесмендер музейді көріп, таңтамаша болды.

**Павлодар облысының әкімдігі сайтынан алынды.**

***Барлығы да мұра болмақ аманда,  
Болашақ деп аталатын адамға...***

Кендігін де, елдігін де, кеменгерлігі мен көсемдігін де, даналығы мен дала көңілін де сөзге сыйғызған бабалардың бай мұрасын насихаттау Облыстық Бұқар жырау атындағы әдебиет және өнер музейінің басты қызметтерінің бірі. Музейде Кереку - Ертісөңірінен шыққан біртуар тұлғалардың тек қана өмірімен, шығармашылығымен ғана кеңінен танысып қоймай, көненің көзі – құнды жәдігерлерге де кезігіп, ұлы бабаларымыздың өзімен тілдескендей боласың. Осы орайда Бұқар жырау атындағы әдебиет және өнер музейінің қызметкерлері жылдар бойы жинап, музей қорын толықтырып тұрған жерлес ақын-жазушылардың, өнер майталмандарының жеке заттарын таныстыру мақсатымен көрме ұйымдастырды. Атап айтсақ, бұл көрмеде Ж.Аймауытовтың өзі ағаштан жасаған заттары, «Қартқожа» романының 1926 жылы Қызылорда қаласында араб графикасымен басылып шыққан түпнұсқасы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының жеке заттарын, Дихан Әбілев көзі тірісінде қолданған шыны – аяқ ыдыстарын, Әлкей Марғұланның өзбек достары сыйлаған тақиясын, орыс жазушысы, «Амангелді» фильмінің сценарийін құруға атсалысқан жерлесіміз Всеволод Ивановтың өз қолымен жасаған желкенді кемесін көріп тамашалады. Көне жәдігерлердің сыры тереңде жатқан тарихымен Мағзия Қайырбековна Жүнісова таныстырып өтті. Оқушылар жәдігерлерді көріп, ерекше сезімге бөленгендей болды.



Балауса тілшілері

***Спортта Гимназия оқушылары толағай табысқа қол жеткізуде***

*8-10 ақпан аралығында Павлодар қаласында өткен облыстық 12-спартакиадада қысқы бағдарлауда жүлделі орындарға ие болды! Оларды гимназияның атын, Ақсу қаласының намысын қорғап, атын шығарғанына алғысымыз шексіз! Осы спартакиадада:*

*1,2 - орынға Успанова Айгерим, 2-орынға Гомарова Ману, Рамазанов Дархан, Жодас Азамат, Құмар Рустам ие болды.*

*Ал қалалық шаңғы жарысында Мағзумова Айгерімді 1-орынмен құттықтаймыз!*

*Сонымен қатар ақпан айында облыстық шааши жарысында 2-орынға Қаирбеков Әділ, Айсана, Әділет иеленді.*

***Осылайша үлкен жетістіктерге қол жеткізе беріңдер!***


ҚР Премьер-Министрі Серік Ахметов қатысуымен өткен кеңейтілген алқа мәжілісіне гимназиямыздың география пәні мұғалімі, магистр, «Білім беру ұйымдарының үздік педагогы» Алтынбек

Аманжолұлы Жакупов қатысып келді. Сол алқа мәжілісі жайлы сұхбат жүргізен едік.

*Алтынбек Аманжолұлы. ҚР Премьер-Министрі Серік Ахметов қатысуымен өткен кеңейтілген алқа отырысына кімдер шақырылды.*

ҚР Премьер-Министрі Серік Ахметов қатысуымен өткен кеңейтілген алқа отырысына, аймақтық білім беру ұйымдары басшылары, жүзден аса жоғары оқу орындарының ректорлары, балалар құқығын қорғау департаменттері, мәжіліс депутаттары және 14 аймақтан келген білім және ғылым саласының аймақтық бақылау комитеттерінің басшылары, институт ғалымдары, мәжіліс депутаттары «Үздік педагогтар» қатысты.

*Бұл алқа мәжілісінде қандай мәселелер қастырылды.*



Кеңейтілген алқа мәжілісінде Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы-қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» жолдауы аясында 2013 жылға арналған жаңа міндеттер мен 2012 жылы білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асырудың қорытындылары талқыланды.

***Білім және ғылым министрлі Б.Т.Жұмағұлов білім саласындағы болашақта қандай өзгерістер болатыны жайлы мәлімдеді.***

Білім саласының бюджеті соңғы екі жылдың ішінде 1 трлн. 300 млрд. теңгеге дейін өсті.

Бұл туралы бүгін Үкімет басшысы С. Ахметовтің қатысуымен өтіп жатқан Білім және ғылым министрлігінің кеңейтілген алқа мәжілісінде аталған ведомствоның басшысы Бақытжан Жұмағұлов мәлім етті.

«Екі жылдың ішінде білім саласының бюджеті 1,6 есеге, яғни 1 трлн. 300 млрд. теңгеге дейін өсті. Министрлікте бюджет қаржысын игеру 99,8 пайызды құрады. Осы кезеңде мемлекеттік бағдарламаның барлық нысаналы индикаторларына қол жеткізілді. 2011 жылы барлығы 128 іс-шара және 2012 жылы 119 іс-шара толығымен орындалды», - деп атап өтті министр. Келесі оқу жылының 1 қыркүйегінен бастап 1-ші сынып оқушыларына ағылшын тілін оқыту енгізіледі деді.

***Үкімет басшысы білім саласындағы қандай мәселелді басты назарға алған еді.***

Премьер-Министр Білім және ғылым министріне бір айдың ішінде еліміздің жоғары оқу орындарын оңтайландыру бойынша ұсыныс енгізуді тапсырды. Үкімет басшысы жоғары білім саласындағы сапа бойынша министрлік тиісті қадамдар жасауы керектігін айта келе, тәуелсіз күшті аккредитация немесе тиісті лицензиялау шаралары өткізілуі керектігін жеткізді.

«Мен Білім және ғылым министріне бір айдың ішінде еліміздің жоғары оқу орындарын оңтайландыру бойынша ұсыныс енгізуді тапсырамын. Бұл тұрғыдағы мақсат-міндетті Мемлекет басшысы жүктеп отыр», - деп атап өтті Премьер-Министр. Үкімет басшысы жоғары білім саласында мамандықтарды нарықтағы сұранысқа қарай негіздеу керектігін айтты. «Жекеменшік жоғары оқу орындары бізге әрине керек. Алайда, олар сапалы білім беруі шарт», - деп тапсырды С. Ахметов.



***Осы алқа мәжіліске ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары қатысты деген едіңіз ал осы халық таңдауына ие болған депутаттар қандай мәселелерді көтерді.***

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты **Дариға Назарбаева** «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңына өзгерістер енгізуді ұсынды. Сонымен қатар Д.

Назарбаева ханым мектеп асханаларында сапалы тамақ беру мәселесін көтерді.

***Сұхбатымызды қорытындылайтын болсақ, болашақта білім саласында қандай өзгерістер болатыны жайлы қысқаша тоқтала кетсеңіз.***

"2015 жылдың соңына дейін «Назарбаев Зияткерлік мектептерінің» саны 15-ке жетеді", - деді жоғарыда аталған алқа мәжілісте ведомство басшысы Бақытжан Жұмағұлов. «Елбасының тапсырмасымен 6 «Назарбаев Зияткерлік мектебі» құрылып, жұмыс істеуде. 2015 жылдың соңына дейін тағы да 15-ін салу жоспарлануда, оның 12-сінің құрылысы жүргізілуде. Бұл мәселеге біз ерекше көңіл бөлеміз, себебі, мұндай мектептер барлық орта оқу орындары жүйесін дамытудың қозғаушы күші болып табылады», - деді ведомство басшысы.

Еске сала кетейік, Елбасы Жолдауда Қазақстанның барлық білім беру жүйесі Назарбаев Университеті мен Зияткерлік мектептердің деңгейіне жету қажеттігін ерекше атап өткен болатын. Аталған мектептерде еліміздің таңдаулы мұғалімдері жиналған. Олар шетелдік ең үздік тәжірибелерді белсенді меңгеруде және оған жеткілікті қаражат бөлінуде. Б. Жұмағұлов осы мәселелерді пысықтауды вице-министрге және «Назарбаев Зияткерлік мектебі» АҚ-ның президентіне тапсырды. «Сонда ғана Назарбаев Зияткерлік мектептерінің тәжірибесін кеңінен таратуға болады. Дарынды балаларға арналған «Дарын», «Мирас» мектептері мен қазақ-түрік лицейлері туралы да естен шығармаған жөн. Онда да жақсы тәжірибелер бар, соны белсенді түрде пайдалану керек», - деді министр.

***Алтынбек Аманжолұлы бізбен өткізген сұхбатыңызға үлкен рахмет! Болашақта толағай табыстармен биік шыңдардан көріне беріңіз.***

**Сұхбат жүргізген: Жолдас Азамат**

«Ұстаз... жаратылысынан өзіне айтылғанын бәрін түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі... мейлінше шешен, өнер – білімге құштар, аса қанағатшыл, жаны асқақ және ар – намысын ардақтайтын, жақындарына да жат адамдарына әділ. Жұрттың бәріне жақсылық пен ізгілік көрсетіп, қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек еді», - дейді Әл Фараби. Дананың дара сөзі тегін айтылмаған. Ұстаз жолы – ауыр жол. Ол білім баспалдағы сияқты қия – жартасты, беткейінен белі, еңісінен өрі көп. Ұстаз еңбегін ешқандай мамандықпен салыстыруға келмейді, себебі алғашқы нәтиженің өзі бірнеше жылдан кейін шығады. Педагогтың ұзақ жылдардағы тәжірибесі, тиянақтылығы мен іскерлігі, ұлағаты мен үлгі өнегесі – тәлім мен тәрбие ғана емес, рухани байлық. Білім – мәңгілік үрдіс, онда қатып қалған үлгі мен әдіс жоқ. Қателіктер мен кемшіліктерді тәжірибе түзейді.

Ақырын жүріп, анық бас,

Еңбегің кетпес далаға.

Ұстаздық еткен жалықпас

Үйретуден балаға, -дейді ұлы Абай.

Осы бір ұлағатты сөзді мықты ұстаздардың қайсысына баласақ та артық емес, дегенмен бұл өлең жолдары еңбегіне қарай құрмет, өнегесіне қарай сый - ізет көріп жүрген ұстаздардың бірі – **Ақсу қаласының дарынды балаларға арналған мамандандырылған гимназияның директоры Рымкеш Хамитқызы Сламбекованың** болмысына сай келетін сияқты. Педагогикалық ұжымға білім беру ісіне қалтқысыз қызмет етумен, өзінің шығармашылығымен, әрі ізгі рухани қасиеттерімен баршаның құрметіне бөленіп жүрген іскер басшы, "Қазақ ССР оқу-ағарту ісінің үздігі", "Ы.Алтынсарин" белгісінің, Қазақстан Республикасы Білім Министрлігінің Құрмет грамотасының, "Ерен еңбегі үшін" медалінің, "Конституцияға - 10 жыл", «Павлодар облысына 75 жыл» мерекелік медалдерінің иегері, «Өзінтану» және «Үш тілде оқыту» оқыту эксперименттерін енгізудегі республикалық «Бөбек» орталығы мен облыстық білім басқармасының Алғыс хаттарының иегері, Ақсу қаласының Құрметті азаматы – гимназиямызға Сламбекова Рымкеш Хамитқызы басшылық етуде.

«Кісінің шырайына қарама, райына қара» деген аталы сөз бар, Рымкеш Хамитқызының өнегесі бойына біткен өзіндік мейірімділігімен, қарапайымдылығымен ерекшеленеді. Жас ұрпақтың білімді ғана емес, өнегелі де өнерлі болып өсуіне үлкен мән берген ұстаз еңбегі зор. «Егер адам баласының табиғилығы тәрбиелігінен басым тұрар болса, одан тағы шығар еді, ал керісінше болған жағдайда – ол құр қағиданың адамы. Нағыз адам – өз бойында табиғат берген қасиеті мен тәрбиесін тең ұстаған адам», - дейді Конфуцши. Рымкеш Хамитқызы да осы көзқараста. Нағыз кісілік қасиеттердің бойына жинақталған шуағын шашып жүретін Рымкеш Хамитқызы ешқашан жұмыстан жалықпайды. Білімдінің, біліктінің бір қасиеті бойындағы қазынаны көпке ортақ ету, ол – таусылып қалатын алтын, ұрлап кететін гауһар емес, саркылмайтын мөлдір бұлақ. Рымкеш Хамитқызының алдына барсаң, ақылын аямайды, үйретуден жалықпайды. Ақсу өңіріне белгілі Сламбековтар жанұясында дүниеге келген. Рымкеш Хамитқызы ынтымағы ұйыған отбасындағы өз алдында дара баланың бірі боғаны бәрімізге аян. Ұлағатты ұстаз Рымкеш Хамитқызы «Оқытып, тәрбиелеудегі менің мақсатым – уақыт талабына сай жас ұрпаққа тиянақты білім мен тағылымы мол тәрбие беру, оқушылардың алатын негізгі кәсіби білімі сапалы оқытып, тәрбиелеу дәрежесіне тәуелді. Сондықтан да әрбір ұстаз өз ісінің шебері, яғни жан – жақты, ізденгіш жаңашыл болуы қажет», - дейді. Рымкеш Хамитқызы көп жылғы еңбегі далаға кеткен жоқ. «Бәріне де шүкіршілік» - дейді апамыз. Барға қанағат қылу да азаматтық. Көп құрметтісі «Ұстаздық ету – ұлы жол» екенін дәлелдеп келеді. Кереку еліне белгілі педагог мақтау, марапаттан кенде емес, бірақ ең басты сый – көптің құрметі. Рымкеш апаның жанұясында жылы ынтымақ пен бірлік қалыптасқан. Жолдасы Уәлихан Аманжолов зейнеткер. Бұл кісілердің ұлы ұяда, қызы қияда, олар да қал қадірінше еңбек етіп жатыр. «Адамның аманшылығыата – ана мен ұстаздардан басталады» - дейді ұлы Абай.

**Білім мен тәрбиені қатар сініруді мақсат тұтқан ұлағатты ұстаздың ұстанымының арқасында бүгінде бір қызы мен екі ұлы ел игілігіне сай жауапты қызметтерде жүр.** Адамның бар қуанышы өмір бойы еңбек етуде. Өзі еккен ағаштың жемісін жеу ғана емес, сол дәнді де өсіру. Бұл дегеніңіз – жасампаздық. Жасай беріңіз, Рымкеш Хамитқызы. Сондай-ақ білім ордасында **42 жыл ұстаз бола жүріп, оның ішінде 30 жыл басшылық қызметін атқарып келеді. ҚР білім беру ісінің үздігі атанған білімдар әже бүгінде 63 жасқа толып отыр екен. Әлі де денсаулығыңыз зор болып, ұстаздық ұлағатыңыз арта берсін дегіміз келеді.**

Алтынбек Аманжолұлы Жакупов  
География пәні мұғалімі, магистр  
«Білім беру ұйымдарының үздік педагогы»  
кеуделік белгі иегері



2013 жылдың қаңтардың 21-ші жұлдызы мен 31-ші жұлдызы аралығында «Бастауыш сыныптар ӘБ он күндігі» ұйымдастырылды. Ұстардар мен оқушылар үшін бірнеше сайыстар ұйымдастырылды.

### Ұстаздар үшін сайыстар:

1. Ең үздік портфолио
2. Ең үздік дидактикалық материал жиынтығы
3. «Ең үздік өз біліктілігін арттыру тақырыбы»

Осы сайыстың қорытындысын оқу ісінің меңгерушісі Джамалбаева Сайран Сағатовна ұстаздардың жұмыстарын тексеріп, дипломдармен марапаттады.



«Ең үздік өз біліктілігін арттыру тақырыбы»  
Кадирбаева Г. Р.

«Ең үздік портфолио» Омарова А.Е, Амренова А.Б

### «Ең үздік дидактикалық материал»



Аубакирова А.И

Аманжолова С.Г

Елубаева М.С



## Оқушылар үшін сайыстар:

1. Пәндік олимпиада
2. Абай оқулары
3. Қол өнер туындысы
4. Қылқалам шебері
5. Портфолио
6. Таза дәптер
7. «Жас қаламгер»

Сайстың қорытындысы бойынша бірнеше оқушылар жетістіктерге жетті.

Абай оқулары жеңімпаздары:  
Жетекшісі: Амренова А.Б



Жас қылқалам жеңімпаздары.  
Жетекшісі: Оразымбетов А.А

Қол өнер туындысы жеңімпаздары  
Жетекшісі: Аубакирова А.И



Жас қаламгер жеңімпаздары.  
Жетекшісі: Аманжолова С.Г

Ең үздік портфолио жеңімпаздары  
Жетекшісі: Ахметжанова Қ



Таза дәптер жеңімпаздары  
Жетекшісі: Ахметова М.А



## *Пән олимпиада жеңімпаздары*



2-сыныпқа тест сұрақтарын  
ұйымдастырған Қадирбаева Г.Р



3-сыныпқа тест сұрақтарын  
ұйымдастырған Омарова А.Е



4-сыныпқа тест сұрақтарын  
ұйымдастырған Елубаева М.С

# ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Экономика пәнінен оқушылардың VIII республикалық турнирінің аймақтық кезеңіне қатысып үлкен жетістікке қол жеткіздік:

Пән мұғалімі: Азамат Жанайдарұлы Сыздықов

I дәрежелі диплом иегері – Қабылда Әлібек

III дәрежелі диплом – Асқарбеков Әділ



9-сынып оқушысы Қабылда Әлібек экономика пән олимпиадасының республикалық кезеңіне жолдама алды.

9-сынып оқушысы, “Балауса” газетінің сарапшысы Каиржанова Адия орыс тілі пән олимпиадасының республикалық кезеңіне жолдама алды.

Сіздерге толағай табыс тілейміз!

Жаратылыстану әдістемелік бірлестігі.



Наурыз  
 Міне, келді наурызымыз,  
 Қарсы алайық бәріміз.  
 Көже ішіп, қуанып,  
 Шаттандықта бәріміз.  
 Ата,әже балалар,  
 Наурыз тойын тойлаңдар.  
 Қуантайық баршаны,  
 Ән айтып, билейік.

Ребус:



Құрастырған: Құрмашева Дильназ 3 «ә» сынып

### Көктем



Көктем келді, алақай!  
 Бәйшешек жарып далада.  
 Қуанып жүр балалар,  
 Көбелек қуып сайларда.  
 Күлімдеп тұр күн аспанда,  
 Мейірім нұрын шашқанда.  
 Бүр жарып мынау тал-дара  
 Бұсанды жібіп тастар да.

Ребус:



Сөзжұмбақ

1. Жұмыртқа баспайтын құс?
2. Көл немесе.....
3. Суда жүзетін көлік
4. Мереке сөзінің мағыналас сөзі
5. Ауа райы құбылысы
6. Реферат



Құрастырған: Амангелді  
 Абдуллах 2 «а» сынып

Құрастырған: Тлепова Дарина 3 «ә» сынып

### Наурыз

Наурыз тойы көңілді,  
 Әжем еске түсірді.  
 Біздерге арнап әдейі,  
 Наурыз көже пісірді.  
 Ашылды да кебеже,  
 Дәм әзірлеу басталды.  
 Әжем наурыз көжеге,  
 Жеті түрлі ас салды.  
 Бидай, күріш, тары бар,  
 Бар сүт ет пен шұжығы.  
 Ащы құрты тағы бар,  
 Көже елдің ырысы.

Балтабай Айша 3 «ә» сынып

### Көктем

Көктем келді. Қар ереді. Күн жылынды. Көктемнің жылы күндерінің бірі еді. Айгүл далаға ойнауға шығып қыста ойнап жүрген мұзқаласының жоқ екенін көрді. Үйге қайтып кіріп анасынан: «Мұзқала қайда кеткен?»-деп сұрады. Анасы: «Көктемде ол ериді, сондықтан балаларға қауіпті болмасын деп алып тастады»-депті. Ренжіп қалған Айгүлге «ендігі қыста тағы мұзқала болады, көктемнің өз қызықтары жетеді»-деп жұбатыпты анасы.

Құрастырған: Қожабергенов Думан 2 «ә» сынып

# Артық болмас білгенің

## Адам ағзасындағы химиялық элементтер

Өкпеде – Li, Na  
 Қанда - Fe, Na, Li, Ca, K  
 Қалқанша безде - I, Zn, Br  
 Тісте - Ca, Mg, F, P  
 Көз сұйығында - Na  
 Көз торында - Ba  
 Гипофизде - Zn, Br, Mn, Cr  
 Мида - Na, Mg, K  
 Шашта - Al, As, Cr  
 Жүректе - Ca, K  
 Бауырда - Li, Se, Mo, Zn,  
 Ca, Mn, K, Cu

Бүйректе - Li, Se, Ca,  
 Na, Mg, K, Mo,  
 Cd, Hg, Br  
 Ұйқы безінде - Mg  
 Жұлын сұйығында – Na  
 Ас қорыту сөлінде - Na  
 Сүйек ұлпасында - Na,  
 Ca, Mg, K, P  
 Бұлшықеттерде - Li, Mg, K  
 Жыныс безінде - Zn, Br  
 Сүт безінде - Mg, Ca

## Уақытыңды бос өткізбе


” ” ”



--	--	--	--	--	--

2а сынып оқушысы  
 Садыбеков Жандос

### СӨЗЖҰМБАҚ



1. Ас атасы.
2. Қала аты.
3. Киіз үйдің бөлшегі.
4. Жыртқыш аң.
5. Құс.
6. Қазақстанның қаласы.

2а сынып оқушысы  
 Садыбеков Жандос

7	2	3				1	5	9
6			3		2			8
8				1				2
	7		6	5	4		2	
		4	2		7	3		
	5		9	3	1		4	
5				7				3
4			1		3			6
9	3	2				7	1	4



1								9
	4		2	6	1		3	
	6			5			1	
		5	6		3	4		
8	1	4	7		5	3	9	6
		9		1	7			
			9	3	4			
4	8		5	7	2		6	3
3								5

1. Ас атасы

2. Сүттен жасалатын ұлттық тағам

3. Сиырдың қою сүті

4. Халықаралық әйелдер күні қай айда аталады?

5. ... - аяқ

6. Павлодарлыққа танымал кішкентай әнші қыз

Жаксылыкова

Анель

2 «а» сынып оқушысы



## Достық

Ертеде Сұрамшақ, Лебеке және Нүкте өмір сүрген екен. Сұрамшақ өте зере болған. Лебекеден де, Нүктеден де қоршаған дүние, жалпы барлығы жайында сұрай беріпті. Бір күні ол Нүктеден:

-Бұл не?-деп сұрады. (ағашқа сілтеп).

-Бұл-өсіп тұрған ағаш,- деп жауап қайтарды Нүкте.

Енді бір Лебекеден:

-Лебеке, сен неге соншама ап-арық және ұзынсың?-деп сұрады. Сонда Лебеке:

-Кетші әрі!-деп айқайлап, ренжіп кетті.

Сұрамшақ ешнәрсе ұқпай, Нүктеден:

-Неге Лебеке маған айқайлады?-деп сұрады.

-Сен оны қатты ренжіттің, кешірім сұрауың керек,-деп сонда айтты Нүкте.

-Ал кешірім сұрау үшін не істеу керек?-деп сұрады Сұрамшақ.

-оның жанына барып, "кешірім сұраймын" деп айт. Біздің Лебекеміздің көңіл-күйі ауыспалы болып келеді. Егер сен кешірім сұрасаң, оның реніші тез-ақ тарқайды,-деп Нүкте өзінің білгенін айтты.

Осыдан кейін Сұрамшақ Лебекеден кешірім сұрап, екеуі дос болып кетті. Содан бері екеуі сөйлем соңында кей кезде қатарлас келетін болды.

Джамалбаева Азалия

## Мұқағалиге ранау

Мұқағали поэзияға жақын болған,  
Осы жолға талай алға басты қадам.  
Мұқағали осы жолды таңдамаса,  
Оны ешкім білмес еді қазағымда,  
Ол осы жолсыз шықпас еді ешбір шыңға.

Мұқағалиді айта берсек сөз бітпейді,  
Мұқағалиді жырлайтын жыр бітпейді.  
Мұқағалиді көп оқып, көп жаттасақ,  
Ол бізге ақындыққа жол сілтейді.

Мұқағалиді көп оқып, көп таниық,  
Ол бізге ешқашан кемдік етпейді

## Анаға.

Ана! Ана! Осы сөз дана, дара,  
Анаң барға шүкір ет, болған пана.  
Әуелі Алла, кейінгі Пайғамбардан,  
Қасиетті адамсыз, сіз-Жан АНА!

Қайда барсам қалмайсыз, сіз ойымнан,  
Сіз бұлбұлсыз, мен сізге жай балапан.  
Уайым салып, шет жүрсем, сағынасыз,  
Мен кіршіксіз, ыстық-ыстық, «сәлем» салам.

Еріккеннен кеткенім жоқ мен сізден,  
Жүріп кеттім, «білім» деген бір ізбен.  
Тапсырдым бір Құдайға мен басымды,  
Сезінейін, жол жүргендей сізбенен.

Сағынамын, ойлай-ойлай толғанам,  
«Сәлем Ана!!!» хатымды, мен жолдаған.  
Дұға етіңіз, мендей жастар көп мұнда,  
Батаңызды мың есе ғып қайтарам.



Серғазин Арман



## Қосымша ақпарат



### Императорлық пингвиндердің жаңа қасиеті.

Бұрыннан белгілі: императорлық пингвиндер комплекс (қоғамдық, фи зоологиялық, анатомиялық ерекшеліктері) арқылы Антарктиданың суық климатында өмір сүре алады. Бұл әлеуметтік жануарлар тығыз топтарға жиналып, дененің температурасын көтереді.




Адели Жерінің территориясында тіршілік ететін императорлық пингвиндердің колониясын зерттеп, Франция мен Англияның бір топ ғалымдары жаңалық ашты. Ғалымдар олардың бұрын зерттелмеген қасиетіне назар аударды. *Biology Letters* журналының мақаласында олар: "Пингвиндер дене температурасын суытатыны соншалық, тіпті олардың дене температурасы қоршаған ортаның температурасынан төмен болады", - деп жазды.

Зерттеу жұмыстары инфрақызыл түсірілімдер арқылы жасалынды. *Biology Letters* көптеген фото фрагменттерде температуралардың айырмашылығын әртүрлі түстер арқылы айқындады. Онда пингвиндердің температурасы ауадан суық болып көрінеді. Ал қанаттары "ыстық нүктелерді" көрсетеді.

"Біз олардың денесінің көп бөлігі ауадан 4-6 градусаға төмен болатынына көз жеткіздік, - деп Глазго университетінің докторы Доминик МакКафферти айтады. - Бұл жайт бізді шынымен таңғалдырды".

Әр түрлі уақытта өткізілген өлшемдер қоршаған ортаның температуралар айырымында да (-20 °C және -40 °C) өз нәтижесін берді.

Жылубергіштік теориясы бойынша, пингвиндер өздері түзеген жылуын конвекция мен сәулелену арқылы жоғалтады. Алайда денелерінің тым төмен температурасы конвекциялық шығандардан арылтады және қоршаған ортадан жылу сіңіруге мүмкіндік береді.



### Цикадтардың қанаттары бактериялардың мембранасын зақымдайды.

Австралиялық бірқатар биофизиктері цикадтардың (*Psaltoda claripennis*) құрылысын микроскоп арқылы зерттеп, бұнақденелілердің бактерияларды химиялық заттардың көмегінсіз көрді.

Қанаттарында антибактериялық наноколоннары бар, олар микроорганизмдердің жасушаларының мембранасын зақымдайды.

*Biophysical Journal* журналында мақаласында зерттеушілер: "Бұл қасиет тек цикадтарда ғана бар", - деп жазды.

Өзінің публикациясында олар сол кезде болып жатқан үдерістерді сипаттайды. Бактерия қанаттың болғанда, оның мембранасы нано өлшемді колонналарға жабысып созылады да, жасушаның құралымын сыртқа шығарады.

Бақылау жұмыстары Технологиялық университетінің профессоры Елена Иванованың нұсқауымен жүргізілді. Ол осындай шешімге келді: цикадтар тек жұмсақ, созылғыш мембраналарды ғана зақымдай алады.



### Токио қаласында туристтер автобус-амфибиямен серуендейтін болды.

Токио қаласында суда да, құрлықта да жүретталатын туристтерге арналған автобус-амфибия пайда болды, деп хабарлайды «Вести».

32 жолаушыға есептелген көлік құралы Токио – Сумида аумағында орналасқан 23 ауданның ішіндегі әлемдегі ең биік Tokyo Sky Tree телемұнарасы орналасқан ауданнан күнделікті маршрутын бастайды.

Құрастырған "Хиномару Дзидося" компаниясы 12 метрлік көлік құралының туристтерге ғана емес, табиғи апат кезінде құтқару жұмыстарына да пайдасы тиетіні мүмкін деп отыр.



### Көк шай мен кофе жүрек ауруынан сақтайды.

Кофені жиі ішкен адамда инфаркт, инсульт және өзге де жүрек-қан тамырлары ауруларына шалдығу қаупі төмен болады. Мұндай ғылыми жаңалықты жапондық ғалымдар ашып отыр.

Жапонияның 2 бірдей медициналық орталығы жүргізілген зерттеу 13 жылға созылып, оған 45 – 74 жас аралығындағы 82 мың адам қатысқан.

сайтының жазуынша, зерттеуді Токио ұлттық онкологиялық орталығы мен Осакадағы сал мен жүрек-қан тамырлары ауруларын зерттеу орталығының мамандары жүргізген .

Осы уақыт аралығында қатысушылардың 3,5 мыңға жуығы ауыр жүрек ауруларына шалдығып, миларына қан құйылыпты. Алайда күніне бір пиала көк шай ішкен адамдарда ауыру қаупі өзгелерге қарағанда 22 - 35 пайызға төмен болған. Ал, аптасына 3 - 6 пиала көк шай ішетіндерде

бұл көрсеткіш 11 – 20 пайызға төмен. Жапония ғалымдарының пікірінше, көк шай қан мен тамырларының қалыпты деңгейде сақталуына ықпал етсе, кофе қан құрамындағы қантты төмендетеді.